

«Бекітемін» Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры _____ Н.С.Байқадамов « 11 » 09 2026 ж	«Келісемін» «Қазақстан» РТРК» АҚ Шымкент қаласындағы филиал директоры _____ С.Б.Омаш « 10 » 09 2026 ж
---	---

«Келісемін» Шымкент қаласының білім басқармасының әдістемелік орталығы директоры _____ Ә.А.Адеев « 10 » 09 2026 ж	«Келісемін» Шымкент қаласының жастар саясаты басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы _____ Ж.Б.Жұман « 09 » 09 2026 ж
---	---

«ZIYATKER SHYMKENT» ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Шымкент қаласының 10–11 сынып оқушылары арасында өткізілетін «ZIYATKER SHYMKENT» телевизиялық интеллектуалдық байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. «ZIYATKER SHYMKENT» – білімді, жан-жақты, логикалық және сыни ойлау қабілеті жоғары, ізденімпаз, коммуникативті және интеллектуалдық әлеуеті жоғары жастарды анықтауға бағытталған білім бәйгесі.

1.3. Байқау Шымкент қаласының бес әкімшілік ауданындағы мемлекеттік және жекеменшік жалпы білім беретін мектептердің 10–11 сынып оқушыларын қамтиды.

1.4. Байқау жеке форматта өткізіледі. Қатысушылар командалық емес, жеке нәтижесі бойынша бағаланады.

1.5. Байқау мектепшілік цифрлық іріктеуден басталып, аудандық онлайн кезеңдер арқылы телевизиялық ойындарға ұласады.

1.6. Байқаудың негізгі кезеңдері:

I кезең – мектепшілік іріктеу;

II кезең – аудандық іріктеу;

III кезең – 1/8 финал;

IV кезең – 1/4 финал;

V кезең – 1/2 финал;

VI кезең – финал.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Шымкент қаласының мектеп оқушылары арасында білім мен зияткерлікті дәріптеу, интеллектуалдық әлеуеті жоғары жастарды анықтау, олардың білімге деген қызығушылығын арттыру, кәсіби бағдар беру және жоғары білім алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру.

3. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Байқаудың негізгі міндеттері:

- 10–11 сынып оқушыларының білімге, ғылымға, әдебиетке, тарих пен мәдениетке қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың логикалық, сыни және жүйелі ойлау қабілеттерін дамыту;
- интеллектуалдық әлеуеті жоғары және жан-жақты оқушыларды анықтау;
- жастар арасында білімге негізделген әділ бәсекелестік мәдениетін қалыптастыру;
- оқушылардың шығармашылық ізденісі мен дүниетанымын кеңейту;
- мектеп оқушыларына мамандық таңдау және жоғары білім алу бағытында кәсіби бағдар беру;
- мектептер, жоғары оқу орны және білім беру ұйымдары арасындағы байланысты күшейту;
- үздік қатысушыларға жоғары білім алу және қосымша білім беру мүмкіндіктерін ұсыну;
- білімді, ізденімпаз жастардың жетістігін телевизиялық және цифрлық платформалар арқылы насихаттау.

4. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР МЕН СЕРІКТЕСТЕР

4.1. Негізгі ұйымдастырушы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Шымкент қаласындағы өкілдік)

Негізгі ұйымдастырушы:

- байқаудың жалпы тұжырымдамасын және ережесін әзірлейді;
- байқаудың барлық кезеңдерін үйлестіреді;
- сұрақтар мен ойын материалдарын әзірлеуді ұйымдастырады;
- аудандық және телевизиялық кезеңдердің ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;
- қатысушылардың нәтижелерін есепке алады;
- кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады;
- телевизиялық кезеңнің үздік үш қатысушысына Қорқыт Ата университетінің арнайы білім гранттарын ұсынады;
- серіктестер арасындағы жұмыстарды үйлестіреді.

4.2. Серіктес: Шымкент қаласының білім басқармасы (Шымкент қаласының білім басқармасының әдістемелік орталығы)

Серіктестік аясында:

- қала мектептерін байқау туралы ақпараттандыру;
- 10–11 сынып оқушыларының қатысуына ықпал жасау;
- мемлекеттік және жекеменшік білім беру ұйымдарымен байланысты үйлестіру;
- мектепшілік және аудандық кезеңдерді ұйымдастыру бойынша әкімшілік қолдау көрсету;
- мектептердегі жауапты тұлғаларды анықтауға ықпал ету;
- аудандық іріктеулерді өткізуге қажетті алаңдарды анықтауға қолдау көрсету.

4.3. Телевизиялық серіктес: «Қазақстан» РТРК» АҚ Шымкент қаласындағы филиалы (Ontustik TV телеарнасы)

Телеарна:

- 1/8 финалдан бастап барлық телевизиялық кезеңдерді түсіреді;
- телевизиялық өнімді техникалық және шығармашылық тұрғыдан әзірлеуге қатысады;
- бағдарламалардың телеарна эфиріне шығуын қамтамасыз етеді;
- телевизиялық анонстар мен жарнамалық материалдарды әзірлейді;

- телевизиялық кезеңдерді YouTube және өзге де цифрлық ресурстарда жариялауға қатысады.

4.4. Ақпараттық және медиа серіктес: Шымкент қаласының жастар саясаты басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жастар ресурстық орталығы:

- байқаудың барлық кезеңдеріне ақпараттық қолдау көрсетеді;
- аудандық және телевизиялық кезеңдерден фото және бейнематериалдар әзірлейді;
- мобилография және қысқа форматтағы медиа-контент әзірлейді;
- әлеуметтік желілердегі ақпараттық сүйемелдеуге қатысады;
- жастар аудиториясына жобаны насихаттауға ықпал етеді.

4.5. Бас демеуші және цифрлық серіктес: Eduser компаниясы
Eduser:

- мектепшілік іріктеуді өткізу үшін цифрлық платформаны ұсынады;
- қатысушыларды тіркеу және тестілеудің техникалық жүйесін қамтамасыз етеді;
- ұйымдастыру жұмыстарына демеушілік қаржылық қолдау көрсетеді;
- телевизиялық кезең қатысушыларына оқу курстары бойынша арнайы жеңілдіктер мен мүмкіндіктер ұсынады;
- телевизиялық шығарылымдардың жеңімпаздарына брендтік сыйлықтар ұсынады;
- жоба қатысушыларын білім беру өнімдері арқылы қолдайды.

5. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқауға Шымкент қаласындағы мемлекеттік және жекеменшік мектептердің **10 және 11 сынып оқушылары** қатыса алады.

5.2. Байқауға қатысу ерікті негізде жүзеге асырылады.

5.3. Қатысушылар санына мектепшілік іріктеу кезеңінде **шектеу қойылмайды.**

5.4. Әр қатысушы байқауға тек өз атынан қатысады.

5.5. Бір қатысушы мектепшілік іріктеуге бір рет қатысады.

5.6. Қатысушы өзі білім алатын мектеп атынан ғана тіркеле алады.

5.7. Қатысушы туралы берілген мәліметтердің дұрыстығына қатысушы және оның заңды өкілі жауап береді.

6. I КЕЗЕҢ – МЕКТЕПШІЛІК ІРІКТЕУ

6.1. Мектепшілік іріктеу **Eduser цифрлық платформасы арқылы** өткізіледі.

6.2. Мектепшілік іріктеуге қатысушылар санына шектеу қойылмайды. Мектептегі **10–11 сынып оқушыларының** барлығына қатысуға мүмкіндік беріледі.

6.3. Қатысу үшін оқушы Eduser платформасында белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс.

6.4. Мектепшілік іріктеудің нақты:

- күні;
- уақыты;
- тест ұзақтығы;
- сұрақтар саны;
- техникалық тәртібі;
- бағалау жүйесі

Eduser компаниясымен және ұйымдастырушы тараптармен келісіліп бекітіледі.

6.5. Барлық қатысушыларға тең жағдай жасау мақсатында тестілеу бірыңғай талаптар негізінде өткізіледі.

6.6. Әр мектеп бойынша ең жоғары нәтиже көрсеткен **1 қатысушы** аудандық іріктеу кезеңіне жолдама алады.

6.7. Мектеп бойынша екінші және үшінші нәтиже көрсеткен қатысушылар резервтік тізімге енгізілуі мүмкін.

6.8. Егер бірінші орын алған қатысушы аудандық кезеңге қатыса алмаса, ұйымдастырушылар келесі жоғары нәтижесі бар қатысушыға жолдама беруге құқылы.

6.9. Ұпайлар тең болған жағдайда жеңімпазды анықтау тәртібі Eduser платформасының техникалық мүмкіндігі мен ұйымдастыру комитетінің бекіткен қосымша критерийлері бойынша жүзеге асырылады.

6.10. Мектепшілік іріктеудің нәтижелері Eduser платформасының деректері негізінде расталады.

7. II КЕЗЕҢ – АУДАНДЫҚ ІРІКТЕУ

7.1. Аудандық кезең мектепшілік іріктеуден өткен оқушылар арасында **офлайн форматта** өткізіледі.

7.2. Аудандық іріктеу Шымкент қаласының бес әкімшілік ауданы бойынша ұйымдастырылады:

- Абай ауданы;
- Әл-Фараби ауданы;
- Еңбекші ауданы;
- Қаратау ауданы;
- Тұран ауданы.

7.3. Әр мектептен мектепшілік кезеңде ең жоғары нәтиже көрсеткен бір қатысушы өзі орналасқан аудан бойынша іріктеуге қатысады.

7.4. Аудандық кезеңдердің өткізу күні, уақыты және орны ұйымдастырушылар мен серіктестердің келісімі бойынша бекітіледі.

7.5. Аудандық іріктеу барлық қатысушылар үшін бірыңғай бағалау қағидалары негізінде өткізіледі.

7.6. Аудандық кезеңде электрондық гаджеттерді, анықтамалық материалдарды және сыртқы ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салынады.

7.7. Әр аудан бойынша ең жоғары нәтиже көрсеткен **алғашқы 8 қатысушы** телевизиялық кезеңге тікелей жолдама алады.

Осылайша: **5 аудан × 8 қатысушы = 40 қатысушы.**

7.8. Қалған **8 жолдама** аудандық іріктеулерде жоғары нәтиже көрсеткен, бірақ өз ауданында алғашқы сегіздікке енбеген қатысушылар арасындағы жалпы қалалық рейтинг бойынша беріледі.

7.9. Нәтижесінде телевизиялық кезеңге жалпы: **40 тікелей жолдама + 8 рейтингтік жолдама = 48 қатысушы** өтеді.

7.10. Жалпы қалалық рейтингті есептеу және ұпайлар тең болған жағдайда қолданылатын қосымша критерийлер аудандық іріктеу басталғанға дейін ұйымдастыру комитетімен бекітіледі.

8. ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ

Телевизиялық кезең **48 қатысушыдан** басталады және жалпы **15 телевизиялық шығарылымнан** тұрады.

8.1. 1/8 финал

- 48 қатысушы;
- 8 телевизиялық ойын;
- әр ойында 6 қатысушы;
- әр ойыннан ең жоғары нәтиже көрсеткен 3 қатысушы келесі кезеңге өтеді: **48 → 24**

8.2. 1/4 финал

- 24 қатысушы;
- 4 телевизиялық ойын;
- әр ойында 6 қатысушы;
- әр ойыннан үздік 3 қатысушы жартылай финалға өтеді: 24 → 12

8.3. 1/2 финал

- 12 қатысушы;
- 2 телевизиялық ойын;
- әр ойында 6 қатысушы;
- әр ойыннан үздік 3 қатысушы финалға өтеді: 12 → 6

8.4. Финал

- 6 қатысушы;
- 1 телевизиялық ойын;
- қорытынды нәтиже бойынша I, II және III орын иегерлері анықталады.

9. ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ОЙЫННЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Телевизиялық ойын жеті негізгі кезеңнен тұрады.

1-кезең – «Жалпы сұрақтар»: әртүрлі салалар бойынша қатысушылардың жалпы білім деңгейін анықтайтын сұрақтар қойылады.

2-кезең – «Mainstream»: музыка, кино және заманауи мәдениет әлеміне қатысты сұрақтар қойылады.

3-кезең – «2 сурет – 1 кітап»: экранда ұсынылған екі визуалды белгі арқылы әдеби шығарманың немесе кітаптың атауын анықтау қажет.

4-кезең – «Ұлы адамдар»: адамзаттың дамуына үлес қосқан ғалымдар, ойшылдар, мәдениет және қоғам қайраткерлері, саяси көшбасшылар және өзге де танымал тұлғалар туралы сұрақтар қойылады.

5-кезең – «Жаратылыстану»: табиғат құбылыстары, қоршаған орта, физика, химия, биология, география және ғылымның басқа да салаларына қатысты сұрақтар қойылады.

6-кезең – «Ақпараттық технологиялар»: заманауи IT-технологиялар, цифрлық сауаттылық, бағдарламалау, жасанды интеллект, интернет және ақпараттық қауіпсіздікке қатысты сұрақтар қойылады.

7-кезең – «Қазақстан тарихы»: Қазақстан аумағындағы тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар, кезеңдер мен маңызды қоғамдық-саяси үдерістерге байланысты сұрақтар қойылады.

9.1. Әр ойынның нақты сұрақ саны, уақыт мөлшері және ұпай беру жүйесі телевизиялық сценарийге сәйкес ұйымдастыру комитетімен бекітіледі.

9.2. Барлық алты қатысушы бір ойын барысында тең шарттармен сайысқа түседі.

9.3. Әр ойын қорытындысы барлық кезеңдер бойынша жиналған жалпы ұпай арқылы анықталады.

9.4. Ұпай тең болған жағдайда ұйымдастырушылар қосымша шешуші сұрақ немесе алдын ала бекітілген қосымша критерий қолданады.

10. ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ТҮСІРІЛІМ ТӘРТІБІ

10.1. 1/8 финалдан бастап барлық ойындар телевизиялық форматта өткізіледі.

10.2. Телевизиялық кезеңдердің нақты күні мен түсірілім уақыты Ontustik TV телеарнасымен және басқа серіктестермен келісіліп бекітіледі.

10.3. Телевизиялық ойындарға қатысушылар белгіленген уақытта түсірілім алаңына келуге міндетті.

10.4. Қатысушылардың киім үлгісі – классикалық немесе ұйымдастырушылар алдын ала белгілеген бірыңғай стиль.

10.5. Түсірілім барысында қатысушылар ұйымдастырушылардың, жүргізушінің және түсірілім тобының талаптарын сақтауы тиіс.

10.6. Ұялы телефон, смарт-сағат, құлаққап және өзге де рұқсат етілмеген электрондық құрылғыларды ойын барысында пайдалануға тыйым салынады.

11. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

11.1. Байқаудың финалында I, II және III орын иеленген **үш жеңімпазға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 3 арнайы білім гранты** ұсынылады.

11.2. Білім грантын пайдалану тәртібі университеттің ішкі нормативтік құжаттарына, қабылдау талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11.3. Грант иегері университетке қабылдану үшін тиісті білім беру бағдарламасына қойылатын талаптарды орындауы тиіс.

11.4. Егер жеңімпаз 10-сынып оқушысы болса, білім грантын пайдалану мерзімі мен тәртібі университеттің тиісті шешімімен белгіленеді.

12. EDUSER КОМПАНИЯСЫНЫҢ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Телевизиялық кезең қатысушыларына Eduser компаниясының оқу курстарына арнайы жеңілдіктер ұсынылады:

- **1/8 финалға өткен 48 қатысушыға – 10% жеңілдік;**
- **1/4 финалға өткен 24 қатысушыға – 25% жеңілдік;**
- **1/2 финалға өткен 12 қатысушыға – 50% жеңілдік;**
- **финалға өткен 6 қатысушыға – Eduser оқу курстарына 100% тегін қолжетімділік.**

12.1. Қатысушы келесі кезеңге өткен жағдайда оған ең жоғары жеткен кезеңіне сәйкес жеңілдік қолданылады.

12.2. Жеңілдіктердің жарамдылық мерзімі, қолданылатын курстар тізімі және пайдалану шарттары Eduser компаниясының талаптарына сәйкес белгіленеді.

12.3. Телевизиялық кезеңдегі әр шығарылымның ең жоғары нәтиже көрсеткен қатысушысына Eduser компаниясының арнайы бренд-пакеті табысталады.

12.4. Жоба аясында жалпы **15 телевизиялық шығарылымға 15 бренд-пакет** қарастырылады.

13. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қатысушы:

- Ережемен алдын ала танысуға;
- байқаудың барлық кезеңдерінде тең жағдайда қатысуға;
- өзінің нәтижесі туралы ақпарат алуға;
- ұйымдастырушылардан байқау тәртібі бойынша түсіндірме алуға құқылы.

Қатысушы:

- осы Ереженің талаптарын сақтауға;
- академиялық адалдық қағидаларын бұзбауға;
- өзге қатысушыларға кедергі келтірмеуге;
- жалған мәлімет ұсынбауға;
- белгіленген тәртіп пен уақытты сақтауға;

- ұйымдастырушылар мен жауапты тұлғалардың заңды талаптарын орындауға міндетті.

14. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

14.1. Мектепішілік, аудандық және телевизиялық кезеңдерде қатысушылардың өз бетімен жауап беруі талап етіледі.

14.2. Өзге адамның көмегін пайдалану, ақпаратты заңсыз алу, басқа адамның атынан қатысу немесе нәтижеге әсер етуге бағытталған әрекеттер анықталған жағдайда қатысушының нәтижесі жойылуы мүмкін.

14.3. Eduser платформасындағы техникалық деректер ұйымдастырушылар тарапынан мектепішілік кезең нәтижелерін растау үшін қолданылуы мүмкін.

15. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ МЕДИАМАТЕРИАЛДАР

15.1. Байқауға тіркелу барысында қатысушы туралы байқауды ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтер жиналуы мүмкін.

15.2. Қатысушылардың дербес деректерін өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және алынған тиісті келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

15.3. Кәмелетке толмаған қатысушылар үшін қажетті жағдайларда ата-анасының немесе заңды өкілінің келісімі алынады.

15.4. Кәсіби бағдар беру, білім беру мүмкіндіктері және жобаға байланысты кейінгі ақпаратты жіберу қатысушының және/немесе оның заңды өкілінің тиісті келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады.

15.5. Телевизиялық кезеңге өткен қатысушылардан фото және бейнетүсірілімге, сондай-ақ материалдарды телевизиялық эфирде, YouTube, әлеуметтік желілерде және жобаның ақпараттық ресурстарында пайдалануға қажетті келісім алынады.

16. АҚПАРАТТЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

16.1. Байқау туралы ақпарат ұйымдастырушылар мен серіктестердің ресми интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.

16.2. Мектепішілік және аудандық кезеңдер туралы ақпараттық, фото және бейнематериалдар әзірленуі мүмкін.

16.3. Телевизиялық кезеңдер Ontustik TV телеарнасында көрсетіліп, YouTube және басқа цифрлық платформаларда жариялануы мүмкін.

16.4. Бас демеуші Eduser компаниясының атауы мен логотипі серіктестік келісімдеріне сәйкес жобаның мектепішілік, аудандық және телевизиялық кезеңдерінің ақпараттық материалдарында орналастырылады.

17. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

17.1. Әр кезеңнің нәтижелері бекітілген бағалау критерийлері бойынша анықталады.

17.2. Қажет болған жағдайда ұйымдастыру комитеті қатысушылардың нәтижелерін қайта тексеруге құқылы.

17.3. Техникалық ақау немесе ұйымдастырушыларға тәуелсіз жағдайлар туындаған кезде қатысушыға тапсырманы қайта орындауға мүмкіндік беру туралы шешімді ұйымдастыру комитеті қабылдайды.

17.4. Ережеде нақты қарастырылмаған даулы мәселелер ұйымдастыру комитетінің шешімімен реттеледі.

18. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

18.1. Мектепшілік іріктеудің нақты күні мен уақыты Eduser компаниясымен және Шымкент қаласының білім басқармасының әдістемелік орталығымен келісілгеннен кейін бекітіледі.

18.2. Аудандық іріктеулердің күні, уақыты және өткізу орны ұйымдастырушылар мен серіктестердің келісімі бойынша жеке кестемен анықталады.

18.3. 1/8 финал, 1/4 финал, 1/2 финал және финалдың түсірілім кестесі Ontustik TV телеарнасымен келісіліп бекітіледі.

18.4. Бекітілген кесте қатысушыларға және білім беру ұйымдарына алдын ала хабарланады.

19. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19.1. Осы Ереже «ZIYATKER SHYMKENT» телевизиялық интеллектуалдық байқауын ұйымдастыру мен өткізудің негізгі тәртібін белгілейді.

19.2. Байқаудың телевизиялық ерекшелігіне байланысты ұйымдастырушылар сұрақ санына, уақыт мөлшеріне және техникалық форматқа мазмұндық нәтижеге әсер етпейтін өзгерістер енгізуге құқылы.

19.3. Байқау кезеңдерінің негізгі құрылымына немесе қатысушылардың келесі кезеңге өту тәртібіне өзгеріс енгізілген жағдайда ол барлық қатысушыларға алдын ала хабарланады.

19.4. Осы Ережеде көрсетілмеген ұйымдастырушылық мәселелер негізгі ұйымдастырушы мен серіктестердің өзара келісімі бойынша шешіледі.

19.5. Байқауға тіркелу қатысушының осы Ереженің талаптарымен танысқанын және оларды қабылдағанын білдіреді.

«ZIYATKER SHYMKENT» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖАЛПЫ СХЕМАСЫ

